

ӘОЖ 008 (075)

К.Ә. Бияздықова

**Заманауи жастардың рухани құндылықтарын бағалауы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Аннотация.** Қазақ мәдениетіндегі қалыптасқан рухани құндылықтарды үйлесімділік пен ынтымақтастықтың ерекше белгісі дейміз. Қай заманда, қай халықта болмасын адам болмысындағы құндылықтар тақырыбы – аса өзекті мәселе, адам бойындағы рухани құндылықтар жүйесі – сол елдің дүние – танымының бейнесі. Қазақ мәдениеті мен ислам дінінде жатқан құнды идеяларды ортақ мәмілеге келтіре, қазақ елінің өркениетті қалыптасуына мәнді ақпараттар ұсынылады. Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесіндегі адамдық қарым-қатынастар, адамгершілік қасиеттер, рухани құндылықтар, мұраттар өзіндік мазмұны терең, халықтың рухани ізденістерінен туған қазына болып табылады. Қазақ мәдениетіндегі баға жетпес құндылықтар мен философиялық ойлар поэзия тілінде жатыр, сондықтан осы идеяларды түсіну үшін жүйелеу және жалпылық талдау арқылы ғана қазіргі жастардың рухани құндылықтарымен мәдениеті дамиды.

*Түйін сөздер:* құндылықтар, тәрбие, гуманизм, дәстүр, жаңалық, жауапкершілік.

Қазіргі заманауи жастардың білімі мен кемелді келешегі қазіргі кезде де қоғамды толғандыратын басты мәселеге айналып отыр. Қоғам өз құндылықтары мен мәдениетінің орнын бағалайтын кейінгі ұрпаққа қалдырғысы келеді. Қазіргі қоғамда тамаша тәрбиеленген, қабілетті, бастамашыл, дүниетанымы терең, көкірегі ояу ұрпақ қоғамның басты діңгегі болып тұрады. Сол себепті қазақ мәдениетіндегі адами құндылықтарды жетілдіру, эконимикалық өркендеу, даму әлем елдерінің арасынан лайықты орын алу секілді көкейкесті мәселелерді талқыға салған кезде осындай мақсаттарға қол жеткізуде жалынды жастардың шешуші қызмет атқаратынын естен шығаруға болмайды.

Қазақ халқы айтарлықтай тарихи және мәдени мұраға бай. Бүгінгі таңда Қазақстанның ішкі және сыртқы экономикасы шығыс және батыс мемлекеттерімен тығыз байланыста, осының нәтижесінде қазақ халқы өзінің мәдениетін барынша паш етті десек те болады. Міне, осындай тарихы бай халықты қазір көптеген Батыс және Шығыс елдерімен қатар шет мемлекеттер де мойындап жатыр десек те болады. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, қаншама тәуелсіздік үшін қуғын-сүргінге де, аштық-апатқа да шыдап аман-есен қалған қазақ елі, міне, өз тәуелсіздігіне қол жеткелі жиырма жылдың жүзі болды. Қаншама көкірегі ояу қазақ елі деген азаматтарымыз бен біртуар ұлы тұлғалар өмірден өтті.

Қазақ халқының мәдениеті сонау көшпенділерден бастау алатын салт-дәстүрімізді, әдет-

ғұрпымызды, адамгершілік құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа үлкен мұра етіп қалдырды. Сондықтан қазақ халқы қоғамында мәдениетіміз мәңгілік өмір сүруге ұмтылады. Қазіргі қайта жандану таңында жастардың мойнына үлкен міндет артылады. Өйткені жетпіс жыл өмір сүрген коммунистік дінсіз, рухсыз жүйе құлады, міне, сондықтан кәрі буын әлі де көптеген жылдар бойы ескі әдеттері мен идеяларынан арыла алмауы да мүмкін. Олар сол бетті бақытсыз-бақсыз «жоғалған ұрпақтың» құрбандары күйінде, үн-түнсіз тарих қойнауына сіңіп кете барады.

Қазіргі заманауи қоғамның жастары жаман әдетті оңай жұқтырғыш келеді. Тәрбиелі жастар бұл жағдайларға жол бермей, керісінше жағдайды уақтысында іске асырып, жақсы жақтарын өз бойларына сіңіре білуі керек, яғни қоғам жастары болашақты басқаратын жастар десек те болады. Жастардың тәрбиесі мен өмірге дайындығын қамтамасыз ететін бағдарлама мемлекеттің ең маңызды бағдарламасы болуға тиіс. Қазіргі қоғамда өскелең жас ұрпақты өз бетінше қалдыруға болмайды, оларды өркениетіміздің болашағына кепіл болатындай етіп тәрбиелеуіміз керек. Жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші орында тәрбиенің орны ерекше деп білеміз. Сондықтан қай ортада болмасын жастарға тәрбие бере отырып, Қазақстанның болашағы осы жас ұрпақтың ақыл-парасатымен құрылып, өмір сүретін болады.

Ойшылдардың пікірі бойынша, бір ойлау жүйесімен басқа ойлау жүйесіне көшу үшін үш ұрпақ буыны ауысуы керек дейді. Әлі күнге

социалистік ойлау жүйесінен арыла алмай жүрген адамдар баршылық. Біреулер Батысқа қараса, енді біреулер Шығысқа қарайды, ал үшінші біреулер қайда қарарын білмей жүр. Қалыптасып отырған осы ахуал жастар тәрбиесіне салқынын тигізуде. Осыған орай, әр мемлекетте жерінің көлемі мен адами әлеуетіне қарап, олардың тәрбиесіне лайықты жағдай тудырады.

Қоғамның ең маңызды әлеуеті болып табылатын жастардың екі түрлі байлығы бар: олар – денсаулық пен уақыт. Жастар Алла сыйлаған осы екі байлықтың бағасын жақсы білуге тиіс. Уақыт деген өте бағалы нәрсе, оны зая кетіруге болмайды, ал оны зиянды іске, рухани азғындау жолына жұмсау – масқарашылық. Уақыт пен тәрбие арасында тығыз байланыс бар. Тәрбие – бұл уақытты қадірлеу және азға қанағат ете білу.

Тәрбие – жеке адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін мақсатты түрде жүргізілетін қоғамдық өмірдегі ең басты әрекет. Тәрбие – ағарту ісі мен оқытудың алтын арқауы. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби «тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауына айналады» деп [1], тәрбиенің дүниетаныммен, білім берумен, ағарту ісімен бетбұрыс әрекет екенін жоғары бағалап, оның ғылыми, әлеуметтік мәнінің зор екенін дәйекті дәлелдеген. Жеке тұлғаны өмірге бейімдеп, жан-жақты дамыта даярлау үшін бұл қасиетті әрекетке жеке адам, ұжым, топ, жалпы әлеуметтік жауапкершілікпен қатысады. Сонымен қатар тәрбиеге халық тәжірибелері әдебиет, өнер, кино, радио, теледидар, табиғат мүмкіндіктерін пайдалануға да болады.

Қазіргі қоғамдағы жастардың тәрбиесінде жеке тұлғаға тән оның адамдық болмысын, ақыл-ойын және тұлғалық қасиеттерін дамытумен қатар, мінез-құлқын, яғни жан дүниесін қалыптастыруы керек. Сонда жастардың жадында біртіндеп тәрбие қалыптасады.

Егеменді ел болған біздің көп ұлтты мемлекетімізде тәрбие ісіндегі еркіндік тәрбиелеушілердің жаңаша іс-қимылдық әрекеті мен тәлімдік тәжірибелері қоғамдық өмір қолданысына айналуға бастады. Бұл жағдайда қоғамдағы қалыптасқан ұлттық тәрбиеге көңіл бөлініп, этностық мәдениеттің тәрбие негіздері екендігін мойындау, әдептілік дәрістері, этнопедагогика мен этнопсихологиялық ғылым болып жүйеленуі, пән болып оқытылуы тәрбие тарихындағы дамудың саннан сапаға айналу кезеңі болып табылып отыр. Өйткені қайта құрылған нарықтық үнем қоғамында, өркениеттік, демократиялық құрылыс

үшін күрес кезеңінде халықтың, даналардың, ғалымдардың ғасырлар бойы қалыптастырған тәлімдік мұраларын сараптай саралап, оның озық үлгілерін одан әрі дамыта пайдалану қажеттілігі арта түсуде [2]. Мысалы: «имандылық» сияқты ұлттық дәстүрдің бұрынғы қолданысы қарама-қайшылыққа ұшырап, дамытыла қолданылатын қазіргі және келешек қолданысы бар әрбір тәрбиеші мен тәлімгердің іс-әрекеттегі біліктілік парасатынан айқын көрініп тұрады.

Тәрбие мақсатындағы негізгі қағида өткен өркениет нысандарды қабылдау, жеткенге қанағаттанып, тоқтамай, болашаққа баратын жолды айқындау, өсудің биіктеу мен құлдырау шектерін сараптай біліп, келешекке көрегендікпен «көз» тастау екенін әрбір салауатты адам салтанатты ой парасатымен бағалай білуі тиіс.

Уақыттың қадірін білмейтін және өзін-өзі жетілдіруден мақұм жастар қоғамды апатқа ұрындыруы мүмкін. Сондықтан қоғамдағы жастардың арасындағы осындай жағдайларға жол бермеу үшін әрбір жастар өз басынан бастап тәрбиелеу керек. Тәрбие жұмыстары ұлттық тәрбиеге, саяси-әлеуметтік тәрбиеге байланысты өз ерекшеліктерін көрсетеді. Тәрбие тәжірибелерінің негізгі тірегі – ұлттық тәрбие [3]. Осындай ұлттық және рухани құндылықтарды көз қарашығындай сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу – бұл өмір мен өлім арасындағы мәселе. Мемлекетімізді, жастарымызды, ұлттық және рухани құндылықтарды болашақ ұрпаққа табыстау үшін сапалы білім қажет. Мысалы: бұл жөнінде Америка президенттерінің бірі жақсы айтқан: «Америка бай ел болғандықтан америкалық университеттер мықты болып тұрған жоқ, ол америкалық университеттер мықты болғандықтан Америка бай ел болып отыр» дейді. Батыс елдері білімді «нағыз қазына», – деп біледі. Табиғи байлығы бірдей екі мемлекеттің қайсысында білім жүйесі мықтырақ болса, сол мемлекет озады. Жан-Жак Руссо былай деген: «Мүлдем білмегеннен гөрі жартылай білу қауіптірек». Осы айтылғандарға қарап, сапалы білімнің бәрінен де маңызды екенін аңғарамыз. «Кәсіби білім беру жүйесін кеңейту және зиялылық деңгейін көтеру туған жер мен елге деген етенелікті білдіреді. Және сапалы адам моделінің қалыптасуына алып барады», – деген Г. Әлиев [4]. Тарихи тамырымыз бен болашағымыздың сақталуына кепіл болатын жастар тек жақсы тәрбие алғанда ғана бұл аманатты орындай алады.

Тәрбиелі болашағы бар қоғам қалыптастыру

үшін халықтың материалдық және рухани байлығының дамуын, оның білімділігін, мәдениеттілігін, жеке адамдардың имандылық, қайырымдылық, ізгі қарым-қатынастары, саяси саналығы, өмірге бейімділігі мен ынта-жігерін де біртұтас тәрбиенің маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн [4]. Қоғамның дамуы жеке адамның дамуы мен оны тәрбиелеу ісімен тікелей байланысты болып отырады. Адамның іс-әрекеті неғұрлым қоғамға пайдалы болатындай ұйымдастырылса, оның қоғаммен байланысы да соғұрлым саналы қалыптасып, тәрбиенің тиімділігі арта түседі.

Қоғамдағы тәрбиенің «гуманизм» теориясы жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу мақсатын көздейді. Ұлттық дәстүрлі тұжырым бойынша имандылыққа тәрбиелеу мақсаттары – этнопедагогика мен этнопсихология ғылымдарында жоғары орында қойылып отырған мәселелердің бірі. Адамгершіліктің негізі – имандылыққа тәрбиелеу мақсаттары жеке тұлғаның сенімін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздейді. Ал имандылық негіздеріне әдептілік, инабаттылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік жеке адамның санасында тәрбие арқылы қалыптасады [4]. Гуманизм адамгершілік теориясы жалпы адами тәрбиемен тікелей сабақтасып жатыр. Гумандық кісілік имандылықтың алғышарты болғандықтан, тәрбиенің гуманизм теориясын педагогика және мәдениеттану саласында ең басты нұсқа деп қараймыз. Сондықтан қоғамның барлық саласында да имандылыққа тәрбиелеу, гуманизм теориясы мәдениеттану ғылымының тәрбие теориясының алтын арқауы, тәрбие ісінің қозғаушы күші, түп негізі болып табылады.

Бүгінгі алмағайып өзгеріс кезінде не істерін білмей жүрген әлеуметтік топтардың бастапқысы – жастар. Көрнекті психолог Эриксонның пікірінше, өзін-өзі тұлға ретінде тануға, өзі үшін белгілі бір құндылықтар мен мінез-құлық жүйесін қалыптастыруға деген ұмтылыс – жастық шақтың ең негізгі ерекшелігі. Эриксон бұл ізденісті «тұлғалық кешенділік» деп атайды. Жалпы алғанда жастар өз құндылықтарын бағалай біліп, күнделікті өмірінде жетілдіре отыруы қоғам дамуының басты пайдасына жатады. Жастардың басты құндылықтарымен қатар сүйіспеншілік, бақыт, түсіністік, сыйластық, төзімділік, мейірбандық, өзара көмектесу, бейбіт қатар өмір сүру секілді жалпыадамзаттық құндылықтарды да жатқызуға болады [1].

Жастық шақ адам өмірінің айрықша даму кезеңі болғандықтан, оның бірқатар өзіндік

қасиеттері бар. Анығын айтқанда, жастардың әлемді тану, әлемді өзгертуге деген ұмтылысы күшті болады. Осындай жастар арасындағы ұмтылыстарда да тәрбиенің, адамгершілік құндылықтардың, имандылықтың және басқада адами құндылықтардың маңызды қызмет рөлі көрініс береді.

Қоғамдағы жастар арасындағы өзгелермен араласуға тығыз тәуелді қызмет ететін жастардың тану кезеңін жатқызуға болады. Жастардың осы жастық шақты тану кезеңінде де бір-бірімен қарым-қатынастың арқасында адам өзінің де, өзгенің де құндылығын түсіне алады. Сондай-ақ жастар арасында сұхбаттасу және пікір алмастыру мәдениетін үйрену мүмкіндігі кез келген жасқа үлкен артықшылық емес деп ойлаймыз. Жастар мен ересек жандардың көпшілігі ойлау салты бойынша қоршаған әлем өзгермейді деп санайды. Бірақ біз өмір сүретін әлем өзгермейтін әлем емес. Әлем – өзгертуге болатын нәрсе, оны өзгертуге адамның қабілеті мен мүмкіндігі жетеді, соған ой таралымдары да жеткілікті [5]. Сол үшін адам баласы, яғни жастар өз талабы мен белсенділігін жетілдіре де, дамыта да білу керек.

Қазіргі қоғамда, әсіресе жастар арасында дәстүр мен жаңалықтың арасында тұрған жастардың түсінігі мен тәрбиесін талдау қажет және заман талабына сай идеялармен, тұжырымдармен ұштастырылған білім туралы пікірлерді зерделеу керек болып отыр.

Заман ауысқанымен ұлттық құндылықтар мен оған деген құрмет өзгермейді. Егде адамдар жастарды сынамайды, сөйте тұра оларға үлкен үміт артады. Аға буынның көзқарасы басқа, өмірден күткені басқа. Әлемде барлық нәрсе жетіледі, адам да уақыт өте келе кемелденеді. Үнемі жаңарып отыратын адам уақыт көшіне ілесуде қиындық көрмейді. Адамның кемелденуіндегі ең маңызды фактор – отбасындағы тәрбие мен қоршаған ортасы [6]. Біздің замандағы әлем қандай өзгерістерді басынан кешіріп отырса да біз жастардың санасына ұлттық-рухани құндылықты егуге, оның үзіліп қалмауын ойлауға тиіспіз. Мәдениетіміздегі шығыстық және батыстық мұраның қиюластығының арқасында біздің халық әлемдік өркениетке елеулі үлес қосуда. Тамыры мықты да терең халықтың жас буыны міндетті түрде тәрбиелі, адамгершілікті және отансүйгіш болуға тиіс. Біздің жастарымыздың бойында осы құнды қасиеттер баршылық, оларды ыждаһаттылықпен сақтайды және келер ұрпаққа жеткізу жауапкершілігін сезінеді. Баршамыздың

алдымызда уақыт көшінен қалыспайтын және өз мәселесін өзі сәтті шеше алатын жаңа буын тәрбиелеуге міндеттіміз.

Қазақстандық жастардың кескініне ықпал ететін фактор ретінде мораль нормаларын, ислам қағидаларын, отансүйгіштік сезімді, жалпыадамзаттық құндылықтарды, сонымен бірге түркі өркениетінің құндылықтарын айтуға болады. Біздің жастарымыз осы бастаулардан сусындайды және өздерін тәрбиелейді. Өмірлерін ең әуелі осы қағидалар мен құндылықтарға сәйкес құруы керек. Жоғары білімді және уақыт талабына жауап бере алатын жас буынның ең негізгі капиталы ұлттық және рухани құндылықтары болып табылады. Сол үшін Қазақстан жастарының алдындағы тұрған үлкен жауапкершілік ол өз құндылықтарын бағалау деп есептейміз.

### Әдебиеттер

- 1 Ғабитов Т.Х. Әдеп негіздері. – Алматы: Мұраттас, 1997.
- 2 Қазақ халқының философиясы мұрасы // Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007. – XII т.
- 3 Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі. – Алматы: Ақыл кітабы, 2001.
- 4 Сарсенбекова Г.Ә. Афтореферат. – Алматы, 2004.
- 5 Қазақ даласының ойшылдары / Ред. басп. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: ФСИ, 2001. – 2 кітап. – 283 б.
- 6 Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы: Ұлттық идея кең мәнінде. – Алматы: Раритет, 2010–285 б.
- 7 Уәлиханов Ш.Ш. Қытай империясының батыс өлкесі. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 416 б.
- 8 Қорқыт ата кітабы // түрік тілінен аударған Б. Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 160 б.
- 9 Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдеп негіздері. – Алматы: Мұраттас, 1997. – 114 б.
- 10 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 459 б.
- 11 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967. – 353 б.
- 12 Лосев А.Ф. Отан // Литературная газета. – 1999. – 24 қаңтар.
- 13 Алтынсарин И. // Собр. соч.: в 3 т. – Алматы, 1976. – Т. 2. – 438 б.
- 14 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1984. – 1-том. – 256 б.
- 15 Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 326 б.

К.А. Бияздыкова

#### Состояние духовных ценностей современной молодежи

Сформированные в культуре казахского народа духовные ценности гармонии и сотрудничества были отличительной чертой. В какую эпоху, в каком народе бы ни жил человек, проблема ценностей всегда будет актуальной система духовных ценностей человека - это показатель духовного мира его страны. Казахская культура восприняла ценностные идеи ислама, которые предложили важные сведения, необходимые для формирования казахской цивилизации. В системе национальных традиций казахского народа рождаются из духовных поисков человеческие взаимоотношения, человеческие качества, духовные ценности, глубокое самосознание. В казахской культуре присутствуют бесценные ценности и философские мысли, сложенные поэтическим языком, поэтому, для того чтобы понять эти идеи, следует развивать культуру через систематизацию и общий анализ духовных ценностей молодежи.

К.А. Biyazydykova

#### Condition of spiritual values of modern youth

People's spiritual values of harmony and cooperation formed in the culture of the Kazakh are main characteristics of this culture. It doesn't matter what era live people in there was a man of values will always be an actual system of spiritual values of man is the measure of the spiritual world of his country. Kazakh culture is perceived value ideas of Islam, which offered important information necessary for the formation of Kazakh civilization. In the system of national traditions of Kazakh people are born of the spiritual quest of human relationships, human qualities, spiritual values, a deep self-awareness. In Kazakh culture are present priceless value and philosophical thought, composed of poetic language, so in order to understand these ideas should develop a culture through the systematization and analysis of the general spirit of youth.